

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 сәуір N 494 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті атқару құжаттарын орындау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ штат саны мен мүлкі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке және оның облыстар мен Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілеріне тапсырыла отырып, таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1 ) < \* >

2) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 151 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 45-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті туралы ережеде:

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 45."

*Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен .*

4 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 931 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж . . , N 3 4 , 2 9 7 - қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қарашадағы N 1695

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 50, 490-құжат) 1-тармағы 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*бірінші орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК